

№1 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№1 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 26.10.2020ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Әкімшіліктің міндеттер мен өкілеттерді бөлінуіне түзетулер енгізу.
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын талдау.
3. Ертеңгілік сценариларын бекіту.
4. Лауазымдық нұсқаулықтарды нақтылау.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларға ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігі.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Г. Нарбек меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша әкімшіліктің міндеттер мен өкілеттерді бөлінуіне түзетулер енгізу. Жұмысқа орналасқан кез келген қызметкер жұмыс берушіде нақты не істейтіні туралы білуі керек. Ең алдымен, қызметкердің міндеттері арнайы «Еңбек қызметі» деген бөлімі бар еңбек шартында белгіленеді. Алайда, жұмыс функциясын толық сипаттау үшін шартқа сәйкес келмейтін мәтіннің кәдімгідей мөлшері қажет. Сондықтан көбінесе жұмыскердің еңбек функциясының негізгі ережелерін және лауазымның жалпы сипаттамасын ғана қамтиды. Барлық нақтылаулар мен түсіндірмелер лауазымдық нұсқаулықта беріледі. Лауазымдық нұсқаулық ұйымда белгілі бір лауазымды атқаратын жұмыскер орындайтын өкілеттіктерінің, міндеттерінің, жұмыстарының шеңберін көрсетеді. Лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі. Лауазымдық нұсқаулық міндетті нормативтік құқықтық актілерге жатпайды, бұл ішкі ұйымдастырушылық-нормативтік құжат. Бұл басқару мәселелерін, жұмыскерлердің өзара әрекеттестігін, есептілікті, қызметті қамтамасыз етуді реттеу үшін және ұйымдағы әрбір жеке позиция бойынша жұмыс міндеттерін реттеу үшін қажет.

2. Екінші мәселе бойынша күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын талдау мәселесі бойынша балабақша әдіскері бұл өз кезегінде отбасындағы тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бала дұрыс өсіп-жетілу үшін жағымды гигиеналық жағдай, әр түрлі іс-әрекет түрлерін және бос уақытын, дем алуын және т.б. ойластыруды көрсетеді. Демек, бұл қандай жаста болмасын баланың бір күндік күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың аса мәнді екендігін дәлелдейді. Сондықтан, «күн тәртібінің» дұрыс ұйымдастырылуы – баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу – білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Дұрыс құрылған күн тәртібі дегеніміз күн барысындағы сергу мен ұйқының үйлесуі, іс-әрекеттің әр түрінің және сергу процесіндегі демалыстың мақсатқа сәйкес тиімді алмасуы, яғни:

- 1) отбасында сабақ, еңбектің ұйымдастырылу уақыты мен олардың демалыспен сәйкес келуі;
- 2) уақытында дұрыс тамақтану;
- 3) ұйқының қануы;
- 4) таза ауада жеткілікті серуендеу.

Күн тәртібінің маңыздылығы мен қажеттігі мынада, ол дененің ішкі мүшелері мен организмнің физиологиялық жүйелерінің дұрыс қалыптасуын және баланың сергектігін қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін артық шаршаудан қорғайды, өз уақытында дұрыс дамуы үшін жағымды жағдай орнатады, жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру, жаңа жағдайларға бейімделе білу қабілетін қалыптастырады. Өзінің жасына сәйкес, құрылған күн тәртібіне үйренген балалардың тәртіптілігімен, еңбек ете білу іскерлігімен, мінез-құлқының тұрақтылығымен, анықтығымен, белсенділігімен ерекшеленетіні айтпаса да түсінікті. Міне, осылардың барлығы баланың жақсы денсаулығының және дұрыс дамуының көрсеткіші болмақ.

Дұрыс ұйымдастырылған «күн тәртібі», бір жағынан ата-анаға өз уақытын ұтымды бөлуге көмектесе, екінші жағынан отбасында тәрбиелеу-білім беру процесін және оның әр саласын (адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі және т.б.) дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Сонымен, «күн тәртібін» сақтап әрекет ету сауықтыру іс-шараларын (серуен, шынықтыру шаралары, ұйқы, дем алу т.б.) өз уақытында ұйымдастыруға; балаларда өз бетімен әрекет ету, еңбек сүйгіштік, белсенділік, басқаны білуге, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жетуге талпыну, мейірімділік, қамқорлық, сыйласымдылық, ойнай білу, өмір сүре білу және т.б. күнделікті қарапайым іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін олардың күн барысындағы әр түрлі іс-әрекеттерін (ойын, еңбек, оқу) тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. «Күн тәртібінің» нақты, айқын болуы балаға өмірлік қажетті дағды мен іскерліктерді (жинақылық, ұқыптылық, уақытты тиімді пайдалану және т.б.) меңгеруге көмектеседі. Күн тәртібінің әр түрлі іс-әрекетте балаңыздың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, олардың алдағы сабаққа қызығушылығын, белсенділігін, яғни ақыл-ойы дамуын жеделдететінін есте ұмытпаңыз. Күн тәртібін сақтауды қамтамасыз ететін шарттардың үнемі болуы балада мінез мәдениетін тәрбиелеуге, жинақтаған іскерліктері мен дағдыларын бекітуге де мүмкіндік береді. Баланың денсаулығы жақсы болуы және қалыпты, дұрыс дамуы үшін күн тәртібінің барлық жас кезеңдерінде сақталғаны дұрыс. Күн тәртібі балалардың жас ерекшелігін есепке алып құрылуы тиіс. Жалпы күн тәртібін құрудың негізгі принциптері әр түрлі жастағы балалар үшін ортақ болып табылады. Әр түрлі жастағы балалар үшін күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру дегеніміз балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алу және сол жас кезеңіне сәйкес тиісті педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана білу деген сөз. Әр түрлі жас кезеңдеріне байланысты күн тәртібінің орындалуының дұрыс болуы, оның балаларға сауықтырушылық және тәрбие берушілік әсерінің нәтижелі болуы, көпшілік жағдайда ата-аналардың педагогтардан, балабақша қызметкерлерінен тиісті кеңес алып, тығыз байланыста болуына байланысты.

3. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі 2020-2021 оқу жылында өткізілетін ертеңгілік сценариларын бекітті. Балабақша меңгерушісі Г.Нарбек жыл бойына өтетін ертеңгілік сценариларды бекітті. Әрине өзіміздің жыл бойында дәстүрлі аталып келе жатқан мерекелеріміз белгілі, оны міндетте түрде ұйымдастырып өткізіп отырамыз. Одан барлықтарыңыз хабардарсыздар. Ертеңгіліктерді өз деңгейінде ұйымдастырып өткізу қадағалауды балабақша әдіскері Н.Ажибаеваға жүктеймін.

4. Келесі мәселе лауазымдық нұсқаулықтарды нақтылау бойынша балабақша меңгерушісі Г. Нарбек балабақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерімен таныстырып, әрбір қызметкер өз ұмыстарына тиянақты және жауапкершілікпен қарауын талап ете отырып, лауазымдық нұсқаулықтарымен таныстырып, қол қойдырып өз міндерін дұрыс атқаруды талап етті.

5. Мектеп жасына дейінгі балаларға ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігі. Балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану - бала танымын жан-жақты дамытудың шешуші құралы. Балабақшада ақпараттық технологияларды қолдану жолдары

Түйін сөздер: ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолдану, флипчарт, электронды көрнекілік.

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ақпараттық технологияларын пайдалану.

Міндеттері:

- Балабақша жас ерекшелігіне сәйкес ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын айқындап алу;
- Ақпараттық технологиялық құралдармен жабдықтау;
- Арнайы сабақтарда қолданылатын технологиялық құралдарды анықтау;
- Бос уақыттарында ақпараттық технология құралдарын қалай пайдалану керектігін дайындау;
- Осыны жүзеге асыруға арналған әдістемелік көмекші құрал дайындау. Болжамы: Егер балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ақпараттық технологиялар тиімді пайдаланып, көрнекіліктер, көмекші құралдар жасалса, онда іс-тәжірибе оң нәтиже береді.

Күтілетін нәтиже:

- Ақпараттық технология арқылы берілген тапсырмаларды орындай алады;
- Ақпараттық технологияларды қолдану тәрбиешілерге балаларды үйрету уәждемесін арттыруға көмектеседі және бір қатар жағымды себептерге әкеп соғады: — балалардың материалдарды меңгеру үрдісін психологиялық жағынан жеңілдетеді; — заттарды тануда жанды қызығушылыққа еліктіреді; — балалардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді; — ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне көрнекіліктерді қолдану деңгейі өседі; — еңбекке деген нәтижелігі артады. Сонымен, ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану балаларды айтарлықтай оңай және тиімді ерте жастан дамуына, ескішіл қол жұмысынан босатуға мүмкіндік береді, мектепке дейінгі білім үшін жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Әкімшіліктің міндеттер мен өкілеттерді бөлінуіне түзетулер енгізілсін.
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын қадағалансын.
3. Ертеңгілік сценарилары бекітілсін.
4. Лауазымдық нұсқаулықтардың орындалуы балабақша қызметкерлеріне жүктелсін.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларға ақпараттық технологияны пайдалану ұйымдастырылған оқу қызметтерінде кеңінен пайдалансын.

Балабақша меңгерушісі:



Г.Нарбек.

Хатшы:



Н.Ажибаева.

№2 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№2 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 21.12.2020ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау жөніндегі іс- шараларды ұйымдастыру.
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау.
3. Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау.
4. Жылдық жоспар мен «Ішкі лауазымдық бақылау туралы ережеге» сәйкес бақылау.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Г. Нарбек меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырды. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау жөніндегі іс- шараларды ұйымдастыру жөнінде балабақша тәрбиешілері П.Жасек, Ұ.Нарбек, С. Сағатова, Р.Төлтебай, Б.Төле өз ойларын ортаға салды. Қауіпсіздік шаралары үшін жаңа жылдық мерекелер - балалар мен ересектер үшін тамаша уақыт. Әр үйде әдемі шырша орнатылып, безендірілген. Бұл күндер бақытсыздыққа ұшырамауы үшін өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға ерекше назар аудару қажет, олар өте қарапайым.
 - Шырша жылыту құралдарынан алыс тұрақты тұғырға орнатылады.
 - Шыршаны жарықтандыру үшін тек зауытта шығарылған жарамды электр гирляндарын пайдалану қажет.

Тыйым салынады:

- шыршаны шамдармен, мақтамен, қағаздан және целлулоидтен жасалған ойыншықтармен безендіру;
- дәкеден, мақтадан, қағаздан және картоннан жасалған маскарад костюмдерін кию;
- шыршада және оның жанында шырақтар, бенгал шамдарын жағу, шартылдақтарды пайдалану.

Шыршаларды орнату кезінде келесі негізгі талаптарды ескеру қажет:

- шыршаларды орнатуға және жаңа жылдық іс-шараларды өткізуге екінші қабаттан жоғары емес үй-жайда рұқсат етіледі, одан тікелей сыртқа кемінде 2 эвакуациялық шығу жолы болуы тиіс;
- шыршаны шығу жолдарының жанында, өту жолдарында орнатпау керек; үй-жайларды нормативтік мәннен тыс адамдармен толтыруға жол берілмейді; шырша орнықты негізде бұтақтар қабырғалар мен төбеге тимейтіндей етіп орнатылуы тиіс;

- шырша орналасқан үй-жай алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіштер, құм, киіз) қамтамасыз етілуі тиіс;
- иллюминация электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес орнатылуы керек. Шыршада кернеуі 12 В дейінгі шамдарды жүйелі түрде қосатын зауытта жасалған электр гирляндальарын ғана қолдануға болады, шамдардың қуаты 25 Вт аспауы тиіс. Үй-жайда электр жарығы болмаған жағдайда шыршаның жанындағы іс-шаралар тәуліктің жарық уақытында ғана жүргізілуі тиіс.

Жаңа жылдық шыршаны өткізу кезінде тыйым салынады:

- балаларды тез жанатын материалдардан жасалған костюмдерге кию;
- отты, бояу және басқа да өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу;
- үй-жайларды қараңғылау үшін терезелердегі жапқыштарды пайдалану;
- орындықтар қатарлары арасындағы өту жолдарының енін азайту және өту жолдарында қосымша орындар орнату;
- Мереке қайғылы жағдайға айналмауы үшін жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру және өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтау қажет.

2. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Ажибаева жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау жайлы сөз қозғады. Балаларды жан-жақты дамыту және тәрбиелеу үшін тұтас педагогикалық кеңістікті және үйлесімді жағдайларды қалыптастыру. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III «Білім туралы» Заңын, ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» қаулысын, ҚР Білім және ғылым министрінің 22.07.2016 ж. № 391 «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы», 2020.05.12 №195 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бекітілген типтік оқу бағдарламасы» балабақша алдына мынадай міндеттер қояды: Балабақша қызметінің барлық түрлерін біріктіру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Зияткерлік қабілеттерін, танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында мектеп жасына дейінгі балалармен эксперименттік қызметті дамытуға бағытталған педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіру.

Балалардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын, тәуелсіз білім мен ойлауына деген ұмтылысын дамыту.

3. Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау үшін балабақша медбикесі Э. Кемелбекова:

Балалардың денсаулықтарына талдау жасай отырып, жыл сайын мектепке дейінгі мекемеге келіп түскен балалардың ішінде денсаулығы әлсіреген балалар әзірге келіп тіркелмегенін айтты. Сырқаттануға салыстырмалы талдау жасау. Сырқаттану пайызы алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,1% төмендеді. Жыл көлемінде медбике, меңгеруші, әдіскер тарапынан балалардың дене тәрбиесіне медициналық-педагогикалық бақылау жасалып тұрды. Бұл жұмыс, ең алдымен:

- балалардың денсаулық жағдайына, жүйке-психикалық және дене тәрбиесіне;
- балалардың қозғалысы мен дене даму сапаларының жыл басында және соңындағы дамуына;

- дене тәрбиесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мазмұны, өткізу әдістемесін бақылауға бағытталды.

Балалардың қозғалыс белсенділігіне жасалған талдау көрсеткендей, МДМ педагогтары осы мәселеге баса назар аударады. Баланың қозғалыс белсенділігін дамыту үшін түрлі тәсілдерді қолданады: белгіленген қызмет (таңғы жаттығу, сергіту сәттері, денешынықтыру сабақтары, ұйқыдан кейінгі дене жаттығулары), жартылай белгіленген қызмет (спорттық шаралар, мерекелер, ойындар, ауадағы және ғимарат ішіндегі қозғалыс ойындары, сауықтыру үшін жүгіру, денсаулық күндері т.б.). Дене тәрбиесі бойынша бірлескен білім беру қызметі түрлі ойындармен, эстафеталармен, ойын жаттығуларымен, денсаулық туралы танымдық әңгімелермен толы және қызықты болды. Тәрбиеленушілермен өткізілген барлық шаралар «Денсаулық» тақырыбына арналған. Ойындар мен әңгімелер арқылы балалар өз ағзасы туралы көптеген пайдалы әрі қажетті ақпаратты білді.

Оқу жылының көлемінде аурудың алдын алуға бағытталған келесі шаралары өткізілді:

- ✓ Жеңілдетілген түрдегі таңғы жаттығу (күнделікті);
- ✓ Аптасына 3 рет дене шынықтыру сабақтары;
- ✓ Ауа температурасы – 20С төмен емес күндері далада серуендеу;
- ✓ Күніне екі рет салқын сумен жуыну (су температурасы +14,+16С.);
- ✓ «Денсаулық жолымен» жүру (жалпақтабандылықтың алдын алу) күнделікті ұйқыдан кейін;
- ✓ Бөлме температурасымен бірдей сумен ауыз шаю (күнделікті түскі астан кейін);
- ✓ Көз шаршайтын ҰОҚ (мүсіндеу, сурет салу, аппликация, құрастыру) кезінде миопияның алдын алу мақсатында көзге гимнастика жасату;
- ✓ Өкпенің өмірлік көлемін арттыру үшін тыныс алу жаттығулары (күнделікті);
- ✓ Ойын арқылы уқалау элементтерін үйрену және қолдану (шынығу үшін тыныс алу, қолды уқалау, құлақтың сиқырлы нүктелерін уқалау, табанды уқалау);
- ✓ Сколиоздың алдын алу (баланың денесін ұстауын күні бойы қадағалау, ҰОҚ, ұйқы, тамақтану кезінде).

Медициналық қызметкер балалардың тамақтану сапасына жүйелі талдау жасап және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар беріп отырды; балалардың дене тәрбиесі мен оларды сауықтыру мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізілді; ойыншықтарды жуу және күту ережелерінің сақталуы қатаң қадағаланып отырды; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топ бөлмелерін ылғалды тазалау жұмыстары, сүлгілерді, төсек жаймаларын уақытында ауыстыру, ережеге сәйкес ыдыс жуу қадағаланды.

Осы бағыттағы жұмыстарды талдай отырып, ұжым мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру міндетін ұзақ мерзімді деп санауды ұйғарды.

4.Жылдық жоспар мен «Ішкі лауазымдық бақылау туралы ережеге» сәйкес бақылау бойынша балабақша меңгерушісі Г.Нарбек сөз алды. Жалпы ережелер 1.1 Осы ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасы Заңы «Білім туралы», Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне сай дайындалған.

1.2. Ішкі тәртіп ережесі (одан әрі – Ереже) білім беру ұйымының қызметіне ортақ қатынасты қамтамасыз ету мақсатында дайындалған, жұмыстың тәртібін және басқа да ерекшеліктерді ескеріп. Ереже мектепке дейінгі ұйымның барлық ұжымның

жұмысын реттеп, нақты қарастырылған, жұмыс уақытын тиімді қолдануды қабілеттендіреді, еңбек тәртібін нығайтады, қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін. Ішкі тәртіп ережесі МДҰ педагогикалық кеңесте қаралып және қабылданады.

1.3 Ереженің әрекет ету мерзімі мектепке дейінгі ұйым аумағында жұмыс уақытында табылатын барлық оқыту – тәрбиелеу үдерісіне қатынасшыларға таратылады.

II Қызметкерлер үшін ішкі тәртіп КМҚК «Түркістан облысы білім басқармасының Ордабасы ауданы білім бөлімінің «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы»

2.1 Мектепке дейінгі ұйымда 5- күндік жұмыс аптасы екі күн демалыспен бекітілген. МДҰ қызметкерлері кәсіподақ комитетінің келісімімен мектепке дейінгі ұйым директорының бекіткен жұмыс кестесіне, лауазымдық міндеттері мен Ішкі тәртіп ережесіне сай жұмыс істейді, ағымдағы жылдың 01 қыркүйегінен. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері жұмыс орнына балаларды қабылдауға 15 минут қалғанда болуға міндетті және ауысым аяқталғаннан кейін 15 минуттан соң кетуге.

2.2. Педагогикалық, медициналық, қызмет көрсетуші үшін жұмыс күнінің ұзақтығы ауысым кестесімен анықталады, жұмыс күнінің ұзақтығын сақтау, аптасына немесе басқа кезеңге жұмыс уақытын есептеу.

- басшы – аптасына 40 сағат
- әдіскер – аптасына 40 сағат
- бухгалтер – аптасына 40 сағат
- педагог – психолог – аптасына 40 сағат
- шаруашылық бөлімі бойынша шаруашылық меңгерушісі – аптасына 40 сағат
- тәрбиеші – аптасына 24 сағат
- мұғалім – логопед- аптасына 24 сағат
- дене тәрбиесі нұсқаушысы – аптасына 24 сағат
- музыка жетекшісі – аптасына 24 сағат
- медициналық қызметкер – аптасына 40 сағат
- қызмет көрсетуші – аптасына 40 сағат бойы жұмыста болуы қажет екенін айтып ескертті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау жөніндегі іс- шаралары шаруашылық меңгерушісі мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысын қадағалау балабақша әдіскері Н.Ажибаеваға жүктелсін.
3. Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейін бақылау медбике Э.Кемелбековаға жүктелсін.
4. Жылдық жоспар мен «Ішкі лауазымдық бақылау туралы ережеге» сәйкес бақылау жасау балабақша меңгерушісіне міндеттелсін.

Балабақша меңгерушісі:



Г.Нарбек.

Хатшы:



Н.Ажибаева.

№3 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№3 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 15.02.2021ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаға ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтау қалыптастыру.
2. 8-Наурызжәне 22-наурыз «Жыл басы Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау.
3. «Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау (кіріктіру) жайлы ақпарат.
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Г. Нарбек меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырды. Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаға ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтау қалыптастыру бойынша балабақша әдіскері Н. Ажибаева сөз алды. Бақылау - табиғаттағы сезімдік тұрғыда тану әдісі, мақсатқа бағытталған қабылдау, сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі үрдіс. Ол табиғатпен, тіршілік объектілерімен, қоршаған ортамен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді. Табиғи объектілер мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыру балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұзақ мерзімді бақылауларды ұйымдастыру - өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру ортасымен өзара байланыста болу, балалардың сол ортаға деген бейімділігін танудың алғы шарты. Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарға қамқор болуға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Табиғат әлеміне қамқорлық жасау мақсатында таным білім саласы, қоршаған орта бойынша: 1.«Судың маңызы» 2. «Құстар тіршілігі». 3. «Ағаштар неге ашуланды». 4. «Үй жануарлары». 5. «Жыл мезгілдері». тақырыптарында ұйымдасқан ойын іс – әрекеттері өткізу керек.

2. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекіту туралы балабақша меңгерушісі Г.Нарбек сөз алды . ОЛ алдағы уақытта ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының жоспарымен таныстырды. Әрине бұл мереке өте ерекше мереке екенін, балабармен мен ата-аналар арасында ойындар ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлттық ойындар, көрмелер

басқа да іс әрекеттер ұйымдастырса болады. Бірақта әрбір мерекені өткізгенде ешқандай бала назардан тыс қалмау керектігінде ескетті. Жоспары түзіліп, бектілді.

3. «Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау (кіріктіру) жайлы ақпаратты балабақша тәрбиешісі А.Әсіл сөз алды. «Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптастыру бойынша топ жасакталып, ұлттық негізді тәрбие беретін функцияны атқару бағытында толықтырылды.

Мен өз тобымның заттық кеңістікті дамыту ортасындағы бар заттарға диагностикалық құралдарды қолдану арқылы алынған зерттеу нәтижелерін талдау және түсіндіру ECERS-R шкалаларын қолдана отырып, зерделеу ұйымдастырдым. Зерделеу нысанына барлық заттар тізімін жасап, аналитикалық талдау жасадым. Заттық кеңістікте орналастырылған заттар білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға барлық бағытты қамтамасыз етеді. Дегенімен, робототехника бағытындағы заттар қарастырылмаған болғандықтан, мен лево конструкторлар, планшеттер мен біздің балабақшаға жаңадан алынған мультстудияны, құрылымдалған ойындарды енгіздім. Балалардың қызығушылығын арттыру мен танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламалары мазмұны мен стандарт талаптары негізінде лево, виду робо робо балаларға арналған бағдарламаларын жүктеп, балалардың планшеттік программалауына таным білім беру саласының мазмұнаны сәйкес ойындар ұйымдастырдым. Ұйымдастырылған жаңа заттық-кеңістіктің балалардың дамуына әсерін бақылау мақсатында бақылау диагностикасы жүргізілді балалар бастапқыда робототехника арқылы білімді меңгеруі бойынша қызығушылығы жоғары болғанымен сапасы төмен болды. Бүгінгі көрсеткіш бойынша сапа артып келеді деп сеніммен айта аламыз. Робототехника заман талабы. Оны меңгерту баланың болашақта білім алуға құштарлығын арттырып, білім алудың сапасын арттыруға әсері мол екені айқын. Тек педагогтар шамадан тыс баланы жүктеуден аулақ болуымыз керек.

4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы жайлы балабақша медбикесі Э.Кемелбекова баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Ағзаға витаминдер, минералдар және басқа да пайдалы микроэлементтердің жеткілікті мөлшерде түсуін қамтамасыз ету үшін теңдестірілген әр түрлі диета мүмкіндік береді. Балалар мәзірінде жануарлар мен өсімдіктерден алынған өнімдер болуы керек. Өнімдерді дұрыс таңдау, оларды өңдеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді, тағамдық қоспаларды қолданудың орындылығын жояды. Балабақшалардағы дұрыс тамақтанудың негізі - р.к. қаулысымен бекітілген нормалар. Тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын талаптар "мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар" мемлекеттік құжатын да көрсетілген және әртүрлі жастағы топтар үшін олардың нормалары бар. Егер сіздің балаңыз 1 жастан 3 жасқа дейін болса, оған күніне орта есеппен 53 грамм ақуыз, 53 грамм

кажет.майлар мен 212 г көмірсулар, ал 3 жастан 6 жасқа дейін - сәйкесінше 68 г. ақуыз, 68 грамм май және 272 грамм. Көмірсулар болу керек.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаға ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық технологияны қолдану балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. 8-Наурыз және 22-наурыз «Жыл басы Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын қадағалау балабақша әдіскері Н.Ажибаеваға жүктелсін.
- 3.«Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау ұйымдастырылған оқу қызметерінде пайдалансын.
- 4.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын қадағалау медбике Э.Кемелбековаға жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Нарбек.

Н.Ажибаева.

№4 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№4 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 24.04.2021ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 3-4 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға триз технологияны пайдаланудың тиімділігі.
3. Ата -аналармен «Ата-аналардың балабақша көрсететін қызметкерге қанағаттандық деңгейі сауалнамасын ұйымдастырудың» қорытындысы.
4. Күн тәртібінің орындалуы мен топтардың санитарлық- гигиеналық жағдайы.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Г. Нарбек меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырды. Балабақша тәрбиешісі Р.Төлтебай 3-4 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту бойынша бандамасы тыңдалды. 3 пен 4 жастағы балалардың тілін ойын арқылы дамытудың маңызы, мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілі грамматикасын меңгеруі күнделікті өмірде, ересектермен сөздік қарым-қатынас құру барысында іске асады. 3 пен 4 жас аралығындағы баланың сөзі жай және құрмалас сөйлемдерден тұрады. Алайда күрделі сөйлемдерді құра білгенімен, морфологиялық жалғауларды өте баяу меңгереді. Яғни, осы жастағы балалар сөйлем құру барысында сөздерді көбінесе жалғаусыз, жұрнақсыз айтады.

Сондықтан мен өз сабақтарымда тіл дамыту жаттығуларын жасауды үйретемін. Мәселен, дара сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отырамын. Бұл жастағы балалар ересектермен сөйлесуге өте ынталы болады. Түрлі сауалдар қойып, оқып берген ертегілерді ден қоя тыңдайды, артынша мазмұндап баяндайды ретінде, жеке тәжірибем сүйеніп отырып, ойын түрінде берілген акпараттың бойға сіңімді екенін әлдеқашан ұқтым. Сондықтан келесі, ойын да бала бойындағы қабілетті анықтауға, сондай-ақ, оның сөйлеу формасын қалыптастыруға негізделеді. Ойынның аты «Кім не істейді?» деп аталады. Бұл ойында адамдардың еңбек процесін, яғни, мамандығын білдіру үшін «Кім не істейді?» деген сұрақ қойылады. Мұндайда балалар әр мамандыққа байланысты суреттерді таңдап алып, олардың істейтін жұмысын айтып береді. Жалпы айтқанда, танып-білуге деген құштарлығы жоғары болады.

2. Балабақша тәрбиешісі Н. Сейдуалиева мектеп жасына дейінгі балаларға триз технологияны пайдаланудың тиімділігі бойынша өз пікірін білдірді. Бала тілін дамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану аса маңызды, ТРИЗ технологиясын жүйелі пайдалана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып, ұғымын байытады, сонымен қатар баланың ойлау белсенділігі артады, тілдері ширап, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз таптарын меңгереді, өз ойын еркін жеткізеді. Сондықтан да сіздер бүгінгі материалдарды өздеріңіздің балалармен өткізетін оқу іс-әрекеттеріңізде пайлануға болады. ТРИЗ негізгі бағдарламасын ауыстыруға емес, оның тиімділігін барынша арттыруға арналған. Тәрбиеші жұмыс істейтін кез келген бағдарлама негізінде практикада тексерілген ТРИЗ әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады. ТРИЗ ұстанушыларының ұстанымы: әрбір бала тумысынан дарынды және кемеңгер, алайда оны барынша төмен шығын жағдайында барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін қазіргі заманға бағдарлануына үйрету керек. Барлық сабақтар мен ойындар баланың тақырыпты, материалдар мен іс-әрекет түрін дербес таңдауды білдіреді. Олар балаларды заттар, құбылыстардың қайшы ерекшеліктерін анықтауға және осы қайшылықтарды шешуге үйретеді. Қайшылықтарды шешу – шығармашылық ойлауға деген кілт.

3. Келесі мәселе бойынша балабақша тәрбиешілерінің ата-аналармен «Ата-аналардың балабақша көрсететін қызметкерге қанағаттандық деңгейі сауалнамасын ұйымдастырудың» қорытындысы тыңдалды. Балабақшаға балалары келетін ата-аналар топ тәрбиешілерінің сауалнамасына жақсы жауап беріп, балабақша ұжымына өз ризашылықтарын білдірді.

4. Күн тәртібінің орындалуы мен топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы жайлы балабақша медбикесі Э. Кемелбекованың өз есебі тыңдалды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың күн тәртібінде де, мектепке дейінгінің алдындағы жастағы балалардың күн тәртібіндегі сияқты, жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Олардың да жоғары жүйке қызметіне бас ми қыртысы жасушаларының жеңіл әлсіреуі және қозу үрдісінің тежелу үрдісінен басым болып қала беруі тән. Қозу иррадиациясы, бұрынғысынша концентрациядан басым, бірақ, оған қоса, баланың көңіл тоқтату қабілетін жоғарылататын теріс индукция үрдістері де дамиды. Жоғары жүйке жүйесі қызметінің ерекшелігімен қатар, күн тәртібін құру кезінде ағзаның басқа да мүшелерімен жүйелерінің өсуі мен даму ерекшеліктерін ескеру қажет, яғни мектепке дейінгі жастағы балалардың күн тәртібінде жүру, жүгіру, өрмелеу, күрделі қорғану дағдыларын меңгеруге, сөйлеудің қалыптасуы мен жетілуіне, көптеген бұйымдармен және көріністермен танысуға, логикалық ойлаудың дамуына гигиеналық және қандай да бір еңбек дағдыларын бойға сіңіруге ерекше көңіл аударылуы қажет.

Мектепке дейінгі жаста күн тәртібіне келесі 6 құрамдас бөліктері кіреді өз бетінше істейтін іс-әрекеті (ойындар, еңбек, сабаққа дайындалу, серуендеу, жеке басының гигиенасы және т.б.), тамақ қабылдау, сабақтар, үзілістерді қоса, серуендер, күндізгі және түнгі ұйқы. Жасына байланысты күн тәртібі 4 топқа жіктеледі: кіші (2-жастағы балалар), орта (3-жастағы балалар), үлкен (4-жастағы балалар) және мектепке дайындайтын (5-жастағы балалар) топтарға. Күн тәртібінің құрамдас бөліктерінің құрылымы, реттілігі мен кезектесіп келуі ұқсас, бірақ ұзақтығы мен

мазмұнында айырмашылық болады. Сондықтан, күн тәртібінде кіші жастағы балалар үшін бір рет 2 сағаттық және үлкен жастағы балалар үшін 1,5 сағаттық күндізгі ұйқы қарастырылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың белсенді сергу уақыты 10–12 сағатқа дейін ұлғаяды, ол, барған сайын түрлері көбейетін, ойындармен, оқу сабақтары және серуендеумен, қарапайым еңбек міндеттерімен толықтырылады деп өз ойын қорытындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «3-4 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту» тақырыбындағы Р.Төлтебайдың баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға триз технологиясын пайдалану кеңінен өолдану балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.
3. Ата -аналармен «Ата-аналардың балабақша көрсететін қызметкерге қанағаттандық деңгейі сауалнамасын ұйымдастырудың» қорытындысы жақсы деп бағалансын.
4. Күн тәртібінің орындалуы мен топтардың санитарлық- гигиеналық жағдайын қадағалау балабақша медбикесі Э.Кемелбековаға жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:




Г.Нарбек.

Н. Ажибаева.